ЕСКЕРТУ: Жұмыстың алдында батарея блогының төменгі жағындағы ілмектің орнына түсетінін және батарея блогы өнімнің батареяны қосу портына толық еніп, мықты тұрғанына көз жеткізіңіз.

Батарейя блогын қауіпсіз орнату сәтсіз болса, ол құлап кетіп, ауыр дене жарақатына әкелуі мүмкін.

Орнату үшін: Бекіту үшін батарея блогын туралап, оны батареяны қосу портының саңылауларына орнында құлыпталмайынша сырғытыңыз.

Алып тастау үшін: Босату үшін батареяны құлыптан босату түймесін басып, батареяны өнімнен шығарып алып тастаңыз.

Шина мен ара шынжырын құрастырыңыз: 2.1 - 2.5-сурет

1. Ара корпусын қатты және тегіс жерге қойыңыз.
2. Араның корпусынан қақтағын алып тастау үшін құлыптау тұтқасын сағат тіліне қарама-қарсы бағытта бұраңыз.
3. Қорғаныс қолғабын киіп, кесу тісінің айналдыру бағытына көзделгеніне көз жеткізіп, ара шынжырын шинаға айналдырып ораңыз. Ара шынжыры шинаның толық сыртқы шетіндегі саңылауға дұрыс орнатылуы керек.
4. Шинадағы саңылауды араның табанындағы ішкі болтпен және шинаның түйреуіш саңылауындағы шынжырды көру түйреуішімен туралау барысында, ара шынжырын тісті барабанның айналасына қойыңыз. Шынжырды көру түйреуішін шинадағы саңылауға дұрыс туралау үшін реттеу қажет болуы мүмкін. Шынжырды көру дөңгелегі шинада бекітілгенше, оның орнын реттеңіз.
5. Шина өз орнында қалғанша, оны алдын ала қатайту үшін шынжырды көру дөңгелегін бұраңыз. Шинаны ұстап тұру кезінде қақтақты қайтадан араның үстіне орнатыңыз. Тақтайшаның ара корпусының саңылауымен тураланғанына көз жеткізіңіз. Қақтақты құлыптау тұтқасы ілінгенше, оны сағат тілінің бағытымен бұру арқылы қақтақты сол орнында құлыптаңыз.

Шынжырды көру: 2.5-сурет

1. Ара шынжырын шинадан тарту арқылы шынжыр керілісін тексеріңіз. Дұрыстап керілген шынжыр мен шина арасындағы қашықтық шамамен 3 мм болуы тиіс.

2. Реттеу қажет болса, шинаны реттеудің құлыптау тұтқасын бір толық айналыммен босатыңыз.

3. Ара шынжырының керілісін реттеу үшін шынжырды керу деңгелегін айналдырыңыз. Деңгелекті жоғарыға қарай айналдыру керілісті арттырады, ал төменге қарай айналдыру керілісті азайтады. Дұрыс көрілген шынжырда иілген жер болмау керек және араның шинасынан тек 3 мм-ге дейін тартылатындай болуы керек.

4. Шынжыр дұрыс көрілгеннен кейін, құлыптау тұтқасын қатайтыңыз. Шынжырды қатты көрмеңіз. Бұл қатты тозуға әкеп соғады және шина мен шынжырдың қызмет ету мерзімін азайтады.



Ескертпе: Қауіпсіз жұмысты қамтамасыз ету үшін ара шынжыры тиісті түрде керілген болуы керек.

Ара шынжырын шина ортасынан 3 мм-ге көтеру мүмкін болса, шынжыр орнықты көрілген деген сөз. Жұмыс барысында ара шынжыры қызатын болғандықтан, оның ұзындығы өзгеріп тұрады. Шынжыр керілісін жұмыс барысында 10 минут сайын тексеріп отырыңыз және қажет болған жағдайда, әсіресе, жаңа ара шынжырларын реттеп отырыңыз. Ара шынжыры суыған кезде, қысқаратындықтан, оны босатыңыз. Бұлай істеу арқылы шынжырдың қызмет ету мерзімін ұзартуға және зақымдануды болдырмауға болады.

4.3 ДАЙЫНДЫҚ

Әр пайдаланар алдында қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз ету үшін төмендегі элементтерді тексеріңіз.

Шынжырлы ара:

Жұмысты бастамас бұрын, шынжырлы араның корпусына, ара шынжыры мен шинасына зақым келмегенін тексеріңіз. Зақымдалған құрылғыны пайдаланбаңыз.

Шынжырды майлау :

Май шанындағы май деңгейін тексеріңіз. Сондай-ақ жұмыс кезінде майдың жеткілікті болуын тексеріңіз. Егер онда май жоқ болса немесе май мөлшері минималды май деңгейінің белгісінен төмен болса, шынжырлы араға зақым келтірмеу үшін араны пайдаланбаңыз. Орташа алғанда, бір реттік толтырылған май шамамен 10 минуттық кесу жұмысына жеткілікті (үзілістердің ұзақтығы мен өңделетін бұйымның тығыздығына байланысты).

Ара шынжыры:

Ара шынжырының керілісі мен күйін тексеріңіз. Ара шынжыры неғұрлым өткір болса, жұмысты орындау соғұрлым оңай өрі жеңіл болады. Бұл шынжыр керілісіне де қатысты. Қауіпсіздікті арттыру үшін керілісті жұмыс барысында әр 10 минут сайын тексеріп отырыңыз. Әсіресе, жаңа ара шынжырлары жұмыс барысында пайда болатын қызу әсерінен өзгеруі мүмкін.

Қауіпсіздік жабдығы мен қорғаныс киімі:

Қорғаныс шалбары, қолғап және қорғаныс аяқ киімі сөкілді қолайлы, денеде тығыз тұратын қорғаныс киімін киіңіз. Жерге құлап түсетін бұтақтардан қорғану үшін құлаққа арналған қорғаныс құралы мен бетке арналған қорғаныс маскасы бар қорғаныс каскасын киіңіз. Шашты иық деңгейінен жоғары болатындай өтіп жинаңыз.

Өніммен жұмыс істегенде келесі қорғаныс киімі мен қауіпсіздік жабдығын пайдаланыңыз:

- Күнғағары бар каска мен мойын сақтандырғышы
- Құлақ қорғанысы
- Дем алу маскасы
- Мақұлданған ара қорғанысы бар қолғап
- Мақұлданған ара қорғанысы бар дөнебітімді қорғаныс шалбары
- Мақұлданған ара қорғанысы бар болат тұмсықты аяқ киім
- Жарақат алған жағдайда қажет алғашқы жәрдем жинағы.

Автоматты май жүйесін толтыру: (3.3) -сурет

АБАЙЛАҢЫЗ! Шынжырлы ара маймен толтырылған күйде жеткізілмейді. Пайдалану алдында маймен толтыру маңызды. Шынжырлы арамен шынжыр майынсыз немесе бос май шанының деңгейінде жұмыс істемейсіз, әйтпесе ол өнімді зақымдауы мүмкін. Шынжырдың қызмет ету мерзімі мен кесу қуаты оңтайлы майлауға байланысты. Сондықтан, шынжыр жұмыс кезінде май шығысы арқылы автоматты түрде майланады.

Шынжырлы араның автоматты майлау жүйесі шынжыр мен бағыттаушы шинаны тиісті түрде майлайды. Май деңгейінің индикаторы шынжырлы арада қалған майды көрсетеді.

Май деңгейі бір ширек сыйымдылықтан төмен түссе, оны тиісті шина және шынжыр майымен толтырыңыз. Май шанын толтыру үшін:

1. Май қақпағын алыңыз. Май деңгейі толық сыйымдылыққа жеткенше, шанды шина және шынжыр майымен толтырыңыз.
2. Май қақпағын қайта орнатыңыз. Пайдаланудың әрбір 10 минуты сайын май деңгейін тексеріңіз. Май деңгейін тексеру немесе май шанын толтырудың алдында шынжырлы араны желіден ажыратыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ! Май ағып кетпеу үшін, құрылғының қолданылмай тұрған кезде көлденең күйде (май толтыру қақпағы жоғарғы оң жақта) тұрғанына көз жеткізіңіз. Шынжырлы араның зақымдануын болдырмау үшін тек ұсынылатын майды қолданыңыз. Қайта өңделген/ескірген майды ешқашан қолданбаңыз.

4.4 БІРІНШІ ҚОЛДАНЫС

Батареяны тексеріңіз



ЕСКЕРТУ ! Осы өнімді қолданбас бұрын, осы нұсқаулықтың басында «ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ» бөлімін, сондай-ақ тақырып астындағы барлық мәтінді оқып шығыңыз.



Сатып алу кезінде батарея толық зарядталған күйде болмайды.
Өнімді алғаш рет пайдаланбас бұрын батареяны зарядтағыш құралға салып, толығымен зарядтаңыз.

Құрылғыны алғаш рет пайдалануға ерекше назар аударыңыз: бар назарыңызды осы бірінші қолданысқа аударыңыз. Көдергі және қоршаған ортаның бөлшектері жоқ бос кеңістікте бірінші сынақ жасаңыз

4.5 ПАЙДАЛАНУ

Қосу/өшіру: (4.2) -сурет

Құралды ҚОСУ үшін ҚОСУ/ӨШІРУ ауыстырып-қосқыш тетігін басып тұрып, қауіпсіз құлыптау түймесін бас бармағыңызбен басып ұстап тұрыңыз. Ауыстырып-қосқыш тетігі қосылғаннан

кейін, қауіпсіз құлыптау түймесін босатып, жұмысты жалғастыруға болады. Қауіпсіз құлыптау түймесі көздейсоқ іске қосылу қаупін азайтады.

Құралды ӨШІРУ үшін ҚОСУ/ӨШІРУ ауыстырып-қосқыш тетігін босатыңыз.



ЕСКЕРТУ: Батарея блогын салған кезде, саусағыңызды тетікке қоймаңыз. Шынжырлы ара қозғалып тұрған кезде, батарея блогын алып тастамаңыз.

Пайдалану қауіпсіздігі бойынша ескертулер



АБАЙЛАҢЫЗ! Қорғаныш көзілдірігін үнемі тағып жүріңіз. Шаң көп шығатын жұмыс кезінде сүзгілеуші бет маскасын киіңіз. Сондай-ақ жарамды қолғап пен берік аяқ киім кию ұсынылады.

- Әрбір пайдаланар алдында өнімде, батарея блогында, сондай-ақ керек-жарақтарда зақымдардың бар-жоғын тексеріңіз. Өнім зақымдалған немесе тозған болса, оны пайдаланбаңыз.
- Керек-жарақтар мен жабдықтардың дұрыс бекітілгенін екі рет тексеріңіз.
- Өнімді әрдайым тұтқасынан ұстаңыз. Қауіпсіз басқаруды қамтамасыз ету үшін тұтқаны құрғақ күйінде ұстаңыз.
- Ауа желдеткіштерінің бөгелмегеніне және таза екеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, оларды жұмсақ қылшақпен тазалаңыз. Бітелген ауа желдеткіштері өнімнің қызып кетуіне және зақымдалуына әкеледі.
- Жұмыс істеген кезде басқа адамдар жұмыс аймағына кіріп, мазаныңды қашырса, дереу өнімді өшіріңіз. Құралды қоймас бұрын, оның толық тоқтағанын күтіңіз.
- Тым көп жұмыс істеменіз. Зейін қойып жұмыс істеу және өнімді толық басқару үшін, тұрақты түрде үзіліс жасап тұрыңыз.
- Өнімді іске қоспас бұрын, оның дұрыс жиналғанын және барлық жылжымалы бөлшектерінің бірқалыпты жұмыс істейтінін тексеріңіз.
- Шанды жерлерде құрылғы беттерін аздап сулаған немесе микротамшылы тіркемені пайдаланған жөн.
- Өнімді қолайлы сағаттарда ғана қолданыңыз – адамдарға кедергі болатын уақытта емес (таңертең ерте емес немесе түнде емес).
- Өнімді қолайсыз ауа райы кезінде, әсіресе найзағай түсу қаупі бар кезде пайдаланбаған дұрыс. Өнімді нашар жарықтандырылған жерде пайдаланбаңыз. Ықтимал қауіптерді анықтау үшін оператор жұмыс аймағын анық көруі қажет.

RU

KZ

- Құлаққа арналған қорғаныс құралын пайдалану ескертулерді (дауыстар мен дабылдарды) есту қабілетін төмендетеді. Оператор жұмыс аймағында не болып жатқанына ерекше назар аударуы керек. Басқа нәрселерге көңіл бөлмеңіз және әрдайым тапсырмаға зейін салыңыз.
- Жақын жерде ұқсас құралдарды пайдалану есту қабілетін зақымдау қаупін және жұмыс аймағына басқа адамдардың кіру ықтималдығын арттырады.
- Тұрақты қалыпта тұрыңыз және тепе-теңдікті сақтаңыз.
- Қатты күш жұмсамаңыз. Қатты күш жұмсау тепе-теңдікті жоғалтуға әкелуі мүмкін. Еңісте әрдайым қадамдарыңызға назар аударыңыз.
- Баяу жүріңіз, ешқашан жүгірмеңіз. Барлық дене мүшелеріңізді кез келген жылжымалы бөлшектерден алшақ ұстаңыз.
- Тиісті жабдық бекітілмесе, өнімді іске қоспаңыз.
- Өнімге ешқандай өзгеріс енгізбеңіз немесе өндіруші ұсынбаған бөлшектерді немесе керек-жарақтарды пайдаланбаңыз.



Егер өнім құлап кетсе, қатты соққыға ұшыраса немесе дірілдей бастаса, өнімді дереу тоқтатып, зақымдалудың бар-жоғын тексеріңіз немесе дірілдің себебін анықтаңыз. Кез келген зақымдалған бөлшекті уәкілетті қызмет көрсету орталығында жөндеу немесе ауыстыру керек.

• Айналмалы бөлшектердің тиіп кетуіне байланысты туындаған жарақат алу қаупін азайту үшін, келесі жағдайларда әрдайым құрылғыны тоқтатып, батарея блогын алып, барлық жылжымалы бөлшектердің тоқтағанына көз жеткізіңіз:

- тазалау немесе бітелген жерлерді тазалау кезінде
- өнімді қараусыз қалдырған кезде
- тіркемелерді орнатпас немесе алып тастамас бұрын
- өнімді тексеру, техникалық қызмет көрсету немесе басқа да жұмыстар жүргізу алдында

Негізгі жұмыс істеу/кесу процедурасы: **(4.1) - (4.5) -суреттер**



ЕСКЕРТУ: Шынжырлы ара өте қауіпті құрылғы және онымен сақтықпен жұмыс істеу керек!

Осы өнімді пайдаланбас бұрын, шынжырлы арамен жұмыс істеуді үйрету курсына қатысып, осы өнімдерге техникалық қызмет көрсету мен пайдалану жолын біліп алуға кеңес береміз! Нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және барлық уақытта барлық қауіпсіздік нұсқауларын орындап жүріңіз. Өндіруші осы өнімді дұрыс пайдаланбау немесе дұрыс техникалық қызмет көрсетпеуге байланысты болған кез келген кездейсоқ жағдай/жарақат үшін жауапты емес!

1. Маман болу үшін, шынжырлы араны қауіпсіз және тиімді басқаруды үйрену үшін уәкілетті шынжырлы арамен жұмыс істеуді үйрету курсына қатысыңыз. Барлық басқару элементтерімен және қосқыштармен танысып шығыңыз. Өнімді өшіріп, барлық әрекеттерді жасап жаттығыңыз.

2. Өнімді үнемі қатты ұстаңыз; алдыңғы тұтқаны сол қолмен және артқы тұтқаны оң қолмен ұстаңыз. Жұмыс істеу кезінде үнемі екі тұтқаны толықтай ұстаңыз. Өнімді тек бір қолмен ұстап пайдаланбаңыз.

3. Өнімді тек қалыпты күйде тұрып пайдаланыңыз. Өнімді денеңіздің оң жағында ұстаңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Осы өніммен кез келген басқа кесу күйін пайдаланбау қажет.

4. Майлауды тексеріңіз.

Құралды қосып, шынжырдың бірнеше секунд ішінде майды бүріккенін тексеріңіз. Майдың ізі болса, шынжырлы ара майланып тұр.

5. Шынжырлы ара ағашқа жанасқанға дейін жоғары жылдамдықта қосылып тұрғанын тексеріңіз. Кесудің алдында өнімді ағашқа бекіту үшін тісті тіреуішті пайдаланыңыз және кесу кезінде оны күш түсіру нүктесі ретінде пайдаланыңыз.

6. Қалыңырақ бөренелерді көскен кезде қысатын тістері босатылғанша өнімді артқа сәл тарту арқылы тісті тіреуішті төменгі нүктеде қалпына келтіріңіз және аралауды жалғастыру үшін төменірек деңгейде қайта орналастырыңыз. Өнімді ағаштан толығымен алып тастамаңыз.

7. Кесу кезінде шынжырлы араға күш түсірмеңіз, минималды күш түсіру қысымын қолдану үшін қысатын тістерді пайдаланып, шынжырды жұмыс істетіңіз.

8. Қолыңызды толықтай созып өніммен жұмыс істеменіз немесе жетуге қиын аймақты кесуге немесе сатыда тұрып кесуге әрекеттенбейіз. Иық деңгейінен жоғары өнімді пайдаланбаңыз.

9. Кесу кезінде шынжыр жылдамдығы тұрақты болып қалса, оңтайлы аралауға қол жеткізіледі.

10. Кесудің соңына жеткенде мұқият болыңыз. Ағашты кесіп өткеннен кейін өнімнің салмағы көнет өзгеруі мүмкін. Бұл аяқ пен табанның жарақаттануына әкелуі мүмкін. Өнім жұмыс істеп тұрғанда, оны ағаш кесігінен алып тастаңыз.

11. Шынжырға майдың берілуі дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз; шынжырлы араны орташа жылдамдықта пайдаланып, шынжырға майдың тұрақты берілуіне көз жеткізіңіз.

Кері соққыны болдырмау

Кері соққы араның көнет жоғары және артқа серпілуін білдіреді. Бұл әдетте өңделетін бұйымның шынжырдың шина ұшына немесе шынжырлы араның қысқышына жанасудан пайда болады.

Кері соққы көнеттен толық күшпен жұмыс істеуді туғызады. Ара көбінесе басқарылмайтын мөнерде жауап беріп, пайдаланушының жарақаттануына әкелуі мүмкін.

Ара шинасы ұшының жанымен немесе онымен кесу кезінде кері соққының қаупі артады. Кесу кезінде басқара алмауды болдырмау үшін араны мүмкіндігінше төгіс қолданыңыз.

Кері соққы төжегіші

Кері соққы төжегіші алдыңғы қол сақтандырғышы белсендіретін қауіпсіздік механизм болып табылады. Кері соққы болған кезде, шынжырлы ара дәреуе тоқтайды.

Әрбір пайдаланудың алдында келесі функцияны тексеру қажет. Шынжыр төжегішін сынаудың мақсаты кері соққыға байланысты жарақат қаупін болдырмау.

RU

KZ

1. Алдыңғы қол сақтандырғышын алға итеріп, шынжырлы араны іске қосыңыз. Шынжыр іске қосылмауы керек.
2. Кері соққы тежегішін өшіру үшін ҚОСУ/ӨШІРУ ауыстырып-қосқыш тетігін жіберіп, қол сақтандырғышын артқа тартыңыз.

Ағаш кесу

ЕСКЕРТУ! Жұмысты жалғастырмас немесе кез келген ағашты құлатпас бұрын, жергілікті басқару органынан рұқсат алыңыз!

Өз бақшаңыз да табиғатты қорғау аймағында болуы мүмкін, ағашты құлатуға қарсы заң болуы мүмкін немесе үйдің жоспарында ағаш тұруы мүмкін — бұл және басқа да жағдайларда жұмысты бастамас бұрын рұқсат алуыңыз керек болады!

1. Аралау және кесу жұмыстары бір уақытта екі немесе одан да көп адамдардың қатысуымен орындалып жатқанда, кесу жұмыстары аралау жұмыстарынан кесілетін ағаштың биіктігінен кемінде екі есе болатындай қашықтықта орындалуы керек. Ағаштар адамға қауіп төндіретін, байланыс желісін бұзатын немесе қандай да бір мүлікке зақым келтіретін жағдайда кесілмеуі керек. Егер ағаш қандай да бір байланыс желісіне тиген жағдайда, компанияға тез арада хабар беру керек.

2. Оператор жердің биіктеу жағында тұруы керек, себебі құлайтын ағаш төменге қарай сырғып, жылжуы ықтимал.

3. Эвакуациялық жолдар кесу жұмыстары басталғанға дейін қажеттілігіне қарай жоспарланып, анықталуы керек. Эвакуациялық жол ағаш құлайды деп болжанған сызықтың артқы жағына диагональ бойынша және кері есептелуі тиіс.

4. Кесу жұмыстары басталғанға дейін, ағаштың табиғи еңісін, үлкендеу бұталарының орналасқан жерін және ағаштың қай жолға құлайтынын жорамалдауға көмектесетін желдің бағытын анықтап алу қажет.

5. Ағаштан кірді, тастарды, шіріген қабықтарды, шегелерді, қапсырмаларды және сымдарды алып тастаңыз.

Сақиналап кесу

Құлау бағытына перпендикуляр етіп, ағаштың 1/3 диаметрін ойыңыз. Алдымен төмен көлденең етіп, сақиналап кесіңіз. Бұл екінші ойық жасалып жатқанда, ара шынжырының немесе шинаның қысылуынан сақтайды.

Қарама-қарсы бағытта кесу

1. Қарама-қарсы бағытта кесуді көлденең сақиналап кесуден кем дегенде 50 мм жоғарырақ кесіңіз. Қарама-қарсы кесуді көлденең сақиналап кесуге параллель жүргізіңіз. Сабағы ретінде жеткілікті ағаш қалатындай қарама-қарсы бағытта кесіңіз. Ағаш сабағы ағашты шырмаудан және дұрыс емес бағытқа құлаудан сақтайды.

Сабақтарын кеспөңіз.

2. Ара ағаш сабақтарына жақындаған сайын, ағаш құлай бастауы керек. Егер ағаш қалаған бағытта құламауы немесе ол артқа қарай ыршып түсіп, шынжырлы араның келтегіп қалуы ықтимал болса, қарама-қарсы бағытта кесуді аяқтамай, кесуді тоқтатыңыз және ағаш, пластик немесе алюминий сыналарымен тілінген жерді ашыңыз және ағашты қалаған құлау сызығы бойымен тастаңыз.

3. Ағаш құлай бастағанда, өнімді кесіктен алып, моторды өшіріп, өнімді төменге қойыңыз, содан кейін жоспарланған шегіну жолдарын пайдаланыңыз. Аспалы бұталардың құлауына дайын болыңыз және жүру бағытыңызды ескеріп, сақ болыңыз.

Шабу және кесу

Шабу – бұталарды құлатылған ағаштан кесіп алу әдісі. Шабу кезінде үлкенірек төменгі бұталарды жерге тірек болуы үшін қалдырыңыз. Кішкентай бұталарды бір рет кесу арқылы алып тастаңыз. Өнімнің көптеліп қалуына жол бермеу үшін көріліп тұрған бұталарды түбінен жоғары қарай кесу керек.

ЕСКЕРТУ! Шабу немесе кесу үшін ағашқа шықпаңыз! Баспалдақта, көлбеу жазықтықта, бөренелерде, төпе-төндікті немесе шынжырлы араны басқаруды жоғалтуды тудыратын көз келген жерде тұрмаңыз. Ағашты кесу барысында салмақты азайту үшін ағаш ұшын ары қарай кеспес бұрын, негізгі ағаш ұшына немесе дініне жақын жерді тығыздап кеспеу маңызды! Бұл негізгі жерден ағаш қабығын сыдырып кетуден сақтайды!

ЕСКЕРТУ! Кесетін бұтақшалар кеуде биіктігінен жоғары тұрса, кесу үшін маманды жалдаңыз!

Серіппелі саптарды кесу

1. Серіппелі сап дегеніміз — басқа ағаштың қысымынан көрілген бөрене, бұтақша, тамырланған түбір, егер де оны ұстап тұрған ағашты кесіп тастаса немесе алып тастаса, ол кері серіліп кетеді.

2. Құлатылған ағашты кесу кезінде, бөренені түбірден ажырату үшін аралау кезінде тамырланған түбір жоғары қарай серіліп кетуі мүмкін.

3. Серіппелі саптардан абай болыңыз, олар өте қауіпті.

Бөренені көлденеңінен аралау

Аралау немесе көлденең кесу – бөрененің ұзына бойымен кесу. Тұру қалпыңыздың берік өкөніне және салмағыңыздың өкі аяғыңызға төңдей түсіп тұрғанына көз жеткізу маңызды болып табылады. Мүмкін болған жағдайда, бөренені бұталардың, бөренелердің немесе сүйеуіштердің көмегімен көтеріп, сүйемелдеу қажет.

1. Оңай кесу үшін қарапайым нұсқауларды орындаңыз. Бөрене ұзындығы бойымен тірелген болса, оны жоғарғы жағынан (үстінен аралап) кесіңіз.

2. Бөрене бір жағынан тірелген болса, астыңғы жағынан (астынан аралау) $1/3$ диаметрін кесіңіз. Содан кейін бірінші кесікке жету үшін үстінен аралап кесуді аяқтаңыз.

3. Бөрене екі жағынан тірелген болса, жоғарғы жағынан (үстінен аралау) $1/3$ диаметрін кесіңіз. Содан кейін бірінші кесікке жету үшін астынан $2/3$ төменірек аралап кесуді аяқтаңыз.

4. Егер көлбеу жерде аралайтын болсаңыз, бөрененің биік жағына тұрыңыз. "Оймалап кесу" кезінде, толық басқаруды ұстап тұру үшін кесіктің шеткі жағынан өнімнің тұтқаларымен босаңсытпай ұстап, кесу қысымын азайтыңыз. Шынжырдың жерге тиюіне жол бермеңіз. Кесуді аяқтағаннан кейін, өнімді алып тастаудан бұрын шынжырлы араның тоқтағанын күтіңіз. Ағаштан ағашқа өтпес бұрын, өрқашан қозғалтқышты өшіріңіз.

4. Кішкентай бөренелерді аралау кезінде аралау тірегіне немесе басқа бөренеге тіреп қойыңыз.

6. Шынжырды ұстамай жұмсақ сүйірді қою үшін ағаштың диаметрі жеткілікті түрде үлкен болса, сүйірді қысылуға жол бермеу мақсатында кесікті ашық ұстап тұру үшін пайдалану көрек.

Діріл және шуды азайту

Шу және діріл шығысының өсерін азайту үшін жұмыс істеу уақытын азайтыңыз, төмен діріл және төмен шу жұмыс режимдерін пайдаланыңыз және жеке қорғаныс жабдығын киіңіз.

Діріл және шу өсерінің қауіпін барынша азайту үшін келесі мәселелерді назарға алыңыз:

- Бұл құралды жобаланған мақсатына және осы нұсқауларға сәйкес қолданыңыз.
- Өнімнің жақсы күйде және дұрыс күтілген жағдайда өкөніне көз жеткізіңіз.
- Өнім үшін дұрыс қондырмаларды пайдаланыңыз және олардың дұрыс күйде өкөніне көз жеткізіңіз.
- Тұтқаларды мықтап ұстаңыз.
- Өнімге осы нұсқауларға сәйкес күтім көрсетіп, жақылап майлаңыз (қажет жерлерін).
- Жұмыс кестеніңді жоғары діріл құралын пайдалануды ұзағырақ уақытқа созу үшін жоспарлаңыз.

Өнімді пайдалану кезінде қауіпті азайту үшін үнемі қорғаныш қолғап киіп жүріңіз және қолыңызды жылы ұстаңыз.

Пайдаланудан кейін

Өнімді өшіріп, барлық жылжымалы бөлшектер толық тоқтағанына көз жеткізіңіз. Жүз қабын бекітіңіз. Батарея блогын алып, оны суытыңыз. Төменде сипатталғандай өнімді тексеріңіз, тазалаңыз және сақтаңыз.

Батареяны алып тастау және зарядтау: 5.2-сурет және батареяны пайдалану нұсқаулығы

1. Батареяның жоғарғы ортасындағы құлыптау түймесін басып, оны өнімнен ысырып алып тастаңыз.
2. Батарея блогын зарядтағыш құралға құлыпталған күйіне сырт етіп түскенше сырғытыңыз.
3. Жасыл түсті шамның жыпылықтауы батареяның зарядталып жатқанын білдіреді. Егер жасыл түсті шам бұдан былай жыпылықтамаса, бұл батареяның толықтай зарядталғанын білдіреді.

5. ТАСЫМАЛДАУ

Құрылғыны немесе батареяны тасымалдау еліңізге тән белгілі бір талаптарға сай болуды талап етуі мүмкін. Талаптардың барлығын орындау үшін еліңіздің өкілетті органдарына хабарласып, олардың орындалғанына көз жеткізіңіз. Тасымалдау кезіндегі температура «Сақтау» тарауында берілген температура ауқымынан тыс еместігіне көз жеткізіңіз

5.1 ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАСЫМАЛДАУ

Өнімді өшіріп, барлық жылжымалы бөлшектердің толық тоқтағанына көз жеткізіңіз және батарея блогын алып тастаңыз. Өнімді әрдайым жүз қабы бөкітілген күйде тұтқасынан ұстап тасымалдаңыз. Өнімді кез келген ауыр ықпалдан немесе көлік ішінде тасымалдау кезінде пайда болуы мүмкін қатты дірілден қорғаңыз. Өнімнің сырғып немесе құлап кетуіне жол бермеу үшін оны бөкітіңіз. Өнімді күн сәулесі түсетін жерге қоймаңыз.

5.2 ЛИТИЙ-ИОНДЫ БАТАРЕЯЛАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ

Толық мәліметтер алу үшін батареяны пайдалану нұсқаулығын қараңыз.

6. ҚЫСТАУ

6.1 - 6.3 - суреттер

Батареяны электр құралынан ажыратыңыз.

Ұзақ уақыт сақтамас бұрын, батарея зарядтағыш құралы батареяны пайдалану нұсқаулығында берілген нұсқауларға сөйкес келетінін тексеріңіз. Төмендегі «Сақтау» тарауындағы барлық нұсқауларды орындаңыз. Біз өнімді сақтау үшін түпнұсқа орамды пайдалануға немесе оны шаңнан қорғау үшін жарамды матамен немесе жабынмен жабуға кеңес береміз.

7. САҚТАУ

Құрылғы мен батареяны тек таза, құрғақ, жақсы желдетілетін жерде 4°C - 24°C аралығындағы температурада сақтаңыз. Оны қосымша қорғаныспен қамтамасыз ету үшін жауып қойыңыз. Біз өнімді сақтау үшін түпнұсқа орамды пайдалануға немесе оны шаңнан қорғау үшін жарамды матамен немесе жабынмен жабуға кеңес береміз. Құрылғыны тасымалдау кезінде міндетті түрде бөкітіңіз

7.1 ҚҰРЫЛҒЫНЫ САҚТАУ

6.3 - сурет

Батареяны электр құралынан ажыратыңыз. Құрылғыда тозған, босап кеткен немесе зақымдалған бөліктердің бар-жоғын тексеріп шығыңыз. Құрылғыны сақтау алдында тазалап шығыңыз. Өнімді күн сәулесі түсетін жерге қоймаңыз. Өнімнің суық және ылғалды ортадан әрдайым қорғалғанына көз жеткізіңіз.

7.2 ЛИТИЙ-ИОНДЫ БАТАРЕЯЛАРДЫ САҚТАУ

Батарея қуаты батареяны пайдалану нұсқаулығында ұсынылған деңгейде екенін тексеріңіз. Толық мәліметтер алу үшін батареяны пайдалану нұсқаулығын қараңыз.

8. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ



жеткізіңіз.

ҚАУІП! Ток соғудан жарақат алу қаупі бар. Өнімді реттеу, тексеру, тазалау немесе сақтау алдында батарея блогын алып тастап, барлық жылжымалы бөлшектердің толық тоқтағанына көз

8.1 ТАЗАЛАУ

(5.2) - (5.8) - суреттер

Барлық сақтандырғыш құрылғыларды, желдету саңылауларын және қозғалтқыш корпусын қоқыс пен кірден таза ұстаңыз. Жабдықты шүберекпен және/немесе қысымдалған ауамен тазалаңыз. Өнімді әр пайдаланғаннан кейін тазалаған жөн.

Тазалағыш құралдарды қолданбаңыз, сөбөбі олар пластикке әсер етіп, шынжырлы араның құрылымдық бүтіндігін нашарлатуы мүмкін.

1 немесе 3 сағат пайдаланудан кейін жабын тақтаны, шынжырды және шынжыр шинасын алып, қылшақпен тазалаңыз.

Жабын тақта, жетектің тісті барабаны және шынжыр шинасының жинағы астындағы аймақты жұмсақ қылшақпен тазалаңыз.

Май шығысын таза матамен тазалаңыз.

Шынжырлы араның үстіне басқа зат қоймаңыз.

8.2 АУЫСТЫРУ

(5.1) - сурет



ЕСКЕРТУ! Ара шынжырын ұстаған кезде, әрқашан қорғаныс қолғабын киіңіз.

Автоматты түрде шынжыр майлануын тексеру

Қатты қызып кетуді немесе шынжыр шинасына және онымен байланысқан шынжырлы араға кейінгі зақым келуін болдырмау үшін шынжырды автоматты түрде майлау функциясының жұмыс істеп тұрғандығын тұрақты түрде тексеріп тұрыңыз. Осы мақсатта шынжыр шинасының ұшын тегіс бетке (тақта, ағаш кесігі) туралап, шынжырлы араны іске қосыңыз. Май мөлшерінің артуы автоматты түрде шынжыр майлау функциясының дұрыс жұмыс істеп тұрғанын білдіреді.

Тісті барабанды майлау

ЕСКЕРТПЕ : Тісті барабанды майлау кезінде шынжырды немесе шинаны алып тастаудың қажеті жоқ

1. Шина мен тісті барабанды тазалаңыз.

2. Майлау шприцінің ұшын майлау саңылауына енгізіп, тісті барабанның шетінен шықпағанша май енгізіңіз.

3. Тісті барабанды айналдыру үшін шынжыр тоқтатқышын босатып, тісті барабанның майланбаған жағы майлау саңылауымен бір сызықта тұрмағанша, шынжырды қолмен тартыңыз. Майлау процедурасын қайталаңыз.

Шынжырлы араны қайрау

Шынжырды өткір күйде ұстаңыз. Ара тез өрі қауіпсіз кеседі. Өтпейтін шынжыр тісті барабанның, шинаның, шынжырдың және қозғалтқыштың тозуына өкеледі. Ағашты шынжырлы арамен

RU

KZ

кескен кезде, тек шаң мен бірнеше үлкен жоңқа ғана шықса, шынжыр өткір емес. Жаңа шынжырды сатып алыңыз, білікті қызмет көрсету орталығындағы мамандарға шынжырды қайратып алыңыз немесе тиісті қайрау жинағы арқылы шынжырды өзіңіз қайраңыз. Кесу ұшы мен тарағының арасындағы ұзындық тереңдік өлшегішінің параметрі болып табылады. Кесу ұшын қайраған кезде ұшы және бүйірлік пластина тарағының арасындағы тереңдік өлшегішінің параметрі үлкейеді. Оңтайлы кесу өнімділігіне жету үшін ұсынылған тереңдік өлшегішінің параметріне жеткенше, тарақты егеу керек.

Шынжырды қайрау үшін:

1. Қорғаныс қолғабын киіп, шынжырдың шинада дұрыс көріліп тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. Диаметрі кесу тісінің тереңдігінен 1,1 есе үлкен дөңгелек өгеуді пайдаланыңыз. Егеу диаметрінің 20% бөлігі кескіштің үстіңгі пластинасынан жоғары екеніне көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ: Егеу бағыттауышы шынжырлы араны сататын көптөген бөлшек сауда орындарында қолжетімді және ол өгеуді дұрыс орында ұстаудың ең оңай жолы.

3. Шинаға перпендикуляр бұрышта және қозғалыс бағытына 25°градуста қайраңыз.
4. Әрбір кесу тісін тек ішінен сыртына қарай егегіз. Алдымен ара шынжырының бір жағын егегіз, содан кейін араны айналдырып, процесті қайталаңыз.

• Бірдей жүрістер арқылы әр кесу тісін қайраңыз.

• Кескіштің барлық ұзындығын тең ұстаңыз. Кесу ұшы қайралған сайын, кесу ұзындығы азаяды. Кескіш ұзындығы 0,16 дюймге (4 мм) қысқарған кезде, шынжыр тозады және оны ауыстыру қажет.

Тереңдік өлшегішінің параметрі де әр қайрау жұмысынан қысқарып отырады. Әр 5 қайрау жұмысы сайын кесу ұшы мен тарақ арасындағы ұзындықты төксөру үшін тереңдік өлшегіш құралын пайдаланыңыз. Қажет болған жағдайда, 0,025 дюймдік тереңдік өлшегішінің параметрін алу үшін жалпақ өгеуді пайдаланып, кесу тарағын егегіз. Тереңдік өлшегіш құралдары шынжырлы араны сататын көптөген бөлшек сауда орындарында қолжетімді.

• Ара дұрыс жұмыс істемей тұрса, оны тексерту үшін шынжырлы араға білікті техникалық қызмет көрсету орталығына апарыңыз. Тек нұсқаулықта көрсетілген түпнұсқа бөлшектерді пайдаланыңыз.

Ара шынжырын және шынжырлы ара шинасын ауыстыру


Рұқсат өтілген ара шинасы/ара шынжыры

Кескіштер қайрауға келмейтіндей қатты тозған кезде немесе шынжыр сынған кезде, оны ауыстырыңыз. Тек осы нұсқаулықта көрсетілген ауыстырмалы шынжырды қолданыңыз.

Шынжырды ауыстыру кезінде әрқашан жетектің жаңа тісті барабанын қосыңыз. Бұл шынжырдың дұрыс жүргізілуіне септігін тигізеді.

1. Ара корпусын қатты және тегіс жерге қойыңыз.
2. Араның корпусынан қақпағын алып тастау үшін шинаны реттеудің құлыптау тұтқасын сағат тіліне қарама қарсы бағытта бұраңыз.
3. Қорғаныс қолғабын киіп, кесу тісінің айналдыру бағытына көзделгеніне көз жеткізіп, ара шынжырын ара шинасына айналдырып ораңыз. Шынжыр шынжыр шинасының толық сыртқы шетіндегі саңылауға дұрыс орнатылуы керек.
4. Шынжырлы ара шинасындағы саңылауды араның табанындағы ішкі болтпен және шынжырлы ара шинасының түйреуіш саңылауындағы шынжырды көру түйреуішімен туралау барысында ара шынжырын тісті барабанның айналасына қойыңыз. Шынжырды көру түйреуішін шынжырлы ара шинасындағы саңылауға дұрыс туралау үшін реттеу қажет. Шынжырды көру дөңгелегі шынжырлы ара шинасында бөктілгенше, оның орнын реттеңіз.
5. Шынжырлы ара шинасы өз орнында қалғанша, оны алдын ала қатайту үшін шынжырды көру дөңгелегін бұраңыз. Шинаны ұстап тұру кезінде қақпақты қайтадан араның үстіне орнатыңыз. Тақтайшаның ара корпусының саңылауымен тураланғанына көз жеткізіңіз. Қақпақты құлыптау тұтқасы ілінгенше, оны сағат тілінің бағытымен бұру арқылы қақпақты сол орнында құлыптаңыз. Шынжыр керілісін реттеңіз.

8.3 БӨЛШЕКТЕЛГЕН КӨРІНІСІ



RU

KZ

Сатып алу орны	БӨЛШЕК НӨМІРІ	СИПАТТАМАСЫ	САНЫ
1-1	8313-438801	Тұтқа	1
1-2	8334-463101	Білік төлкесі	1
1-3	8021-438801	Қақпақ	1
1-4	8208-438801	Шетжақ қақпақтың тығыздағыш сақинасы	1
2	243-0029	Шынжыр	1
3	243-0065	Шынжыр тақтасы	1
4	8331-430402	Пышақ жинағы	1
1	8440-438801	Шетжақ қақпақ жинағын реттеңіз	1
5	8208-438301	Майды шығарудың тығыздағыш сақинасы	1
6	8SJAB40-16	Өздігінен оятын бұранда	22
7	8SEAB40-12	Өздігінен оятын бұранда	2
8	8202-438801	Жылуқшаулағыш шайба	1
9	8313-436501	Реттеу тұтқасы	1
10	8440-491105	Иінгірек жинағын реттеңіз	1
11	8SJGN50-25	Бұранда	3
12	8181-433501-01	Буферлік пластина	1
13	8006-438802-01	Оң жақ корпус	1
14	8SJAB40-16	Өздігінен оятын бұранда	4
15	8020-438801	Жоғарғы қақпақ	1
16	8440-438802	Қорғаныш пластинасының жинағы	1
16-1	8185-438801	Вант-путөнс	1
16-2	8302-438801	Соққыш блок	1
16-3	8SJAB40-10	Бұрандалар	2
17	8440-431210	Май шығысының қосылым түйіні	1
18	8024-438801	Желді бағыттау қақпағы	1
19	8342-521704	Түйме серіппесі	1

Сатып алу орны	БӨЛШЕК НӨМІРІ	СИПАТТАМАСЫ	САНЫ
20	8044-780501	Батарея блогының түймесі	1
21	8304-433201	Орнату бөлшегі	1
22	8342-481501	Тежегіш иінтірек серіппесі	1
23	8182-471902	Қысым пластинасы	1
24	1.9901E+11	Мотор майы сорғысының жинағы	1
25	8081-438801	Серіппені орнату білігі	1
26	8342-438801	Батарея қорабының серіппесі	1
27	8SJAB30-25	Өздігінен оятын бұранда	1
28	8342-432101	Ауыстырып-қосқыштың айналу серіппесі	1
29	8312-438801	Тетік	1
30	8312-433501	Түйме	1
31	8342-463002	Серіппе	1
32	8414-438801-01	Электрондық құрамдастар	1
33	8440-438803	Май шанының жиынтығы	1
33-1	8165-438801	Отын шаны	1
33-2	207010200001	Серіппені сүзгіден өткізу	1
33-3	8208-462503	Май шанының тығыздағыш сақинасы	1
33-4	234-1003	Мөлдір май түтігі	90 мм
33-5	8342-000002	Түтікті орнату серіппесі	60 мм
34	8006-438801-01	Сол жақ қорпус	1
35	8003-438801	Алдыңғы тұтқа	1
36	8341-491801	Резеңке шайба	1
37	8440-438804	Май шанының қақпақ жиынтығы	1
37-1	8088-481501-01	Аспа	1
37-2	207270100004	Тығыздағыш сақина	1
37-3	8020-438802	Май шанының қақпағы	1

RU

KZ

Сатып алу орны	БӨЛШЕК НӨМІРІ	СИПАТТАМАСЫ	САНЫ
38	234-1003	Мөлдір май түгігі	120 мм

8.4 АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ



**ҚАУІП ! Ток соғудан жарақат алу қаупі бар.
Ескерту ! Кез келген ақаулықтарды жоюдан бұрын өнімді өшіріңіз.**

Мәселелер	Ықтимал себептері	Шешімдері	Талап етілетін біліктілік
Өнім іске қосылмайды	Батарея бекітілген жоқ	Батарея блогын бекіту үшін батарея блогының жоғарғы жағындағы ысырманың орнына түскеніне көз жеткізіңіз	-
	Батарея зарядталған жоқ	Батареяны үлгімен бірге берілген нұсқауларға сәйкес зарядтаңыз.	
	Қуат/жылдамдық ауыстырып-қосқышы «ӨШІРУЛІ» күйінде	Қосу/өшіру ауыстырып-қосқышын басыңыз	
	Батарея блогы дұрыс бекітілген жоқ	Дұрыс бекітіңіз	
	Қосу/өшіру ауыстырып-қосқышы «ҚОСУ» күйіне орнатылған жоқ	«Қосу/өшіру» бөлімін қараңыз	
	Шынжыр тежегіші іске қосылды	Шынжыр тежегішін ажыратыңыз («Кері соққы тежегіші» бөлімін қараңыз)	
Өнім толық қуатқа жетпейді	Батарея блогының сыйымдылығы өте төмен	Батарея блогын зарядтаңыз	-
	Ауа желдеткіштері бітелген	Ауа желдеткіштерін тазалаңыз	
Шамадан тыс дріл немесе шу	Бұрандалар/сомындар босап кеткен	Бұрандаларды/сомындарды бекітіңіз	-
	Ара шынжыры өткір емес/зақымдалған	Жаңасына ауыстырыңыз	

RU

KZ

Мәселелер	Ықтимал себептері	Шешімдері	Талап етілетін біліктілік
Нәтиже нашар	Өтпейтін ара шынжыры	Ара шынжырын қайраңыз немесе оны ауыстырыңыз	-
	Ара шынжыры дұрыс керілмеген	Дұрыс керіңіз	-
Өнім кенеттен тоқтап қалады	Батарея блогының қуаты таусылды	Батарея блогын алып, зарядтаңыз	-
	Батарея қатты қызып кетті	Батарея блогын алып, оны суытыңыз	-
	Өнімде артық ток болуы мүмкін*	Өнімді тоқтатып, қайта іске қосқанша 3 минут күтіңіз.	-

*Артық ток «Өзін-өзі қорғау» мағынасын береді. «Өзін-өзі қорғау» режимі бұліну режимі, уақыты шектелген (біз максималды 5 минут уақытты ұсынамыз), сол уақыт ішінде өнім бастапқы күйіне оралуы үшін онымен жұмыс істеу мүмкін болмайды.

RU

KZ

9. ҚЫЗМЕТ ЕТУ МЕРЗІМІНІҢ АЯҚТАЛУЫ



Электрлік өнімдерді тұрмыстық өнімдермен бірге қоқысқа тастауға болмайды. Пайдаланылған электрлік өнімдерді бөлек жинап, осы мақсат үшін бөрілген қоқыс жинау орындарына жіберу қажет. Қайта өңдеу бойынша кеңес алу үшін жергілікті өкілетті органдарға немесе дилерге хабарласыңыз.

10. КЕПІЛДІК

10.1 БІЗДІҢ КЕПІЛДІГІМІЗ

STERWINS өнімдері тұтыну нарығының өнімдеріне арналған ең жоғары сапа стандарттарына сәйкес жасалған. Бұл сату кепілдігі өнімді сатып алған күннен бастап 3 жыл бойы жарамды. Бұл кепілдік материалдар мен сапаға байланысты барлық ақауларға қолданылады: жетіспейтін бөлшектер мен элементтерге, сондай-ақ қалыпты пайдалану жағдайында болатын зақымдарға. Жөндеу және бөлшектерді ауыстыру салдарынан бастапқы кепілдік кезеңі ұзармайды. Сіз бұл өнімді сатып алу түбіртегін және сатып алу күнін ұсына алуыңыз керек. Кепілдік осы өнімнің құнымен шектеледі.

10.2 КЕПІЛДІКТЕ ҚАМТЫЛМАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР

Өнімді дұрыс пайдаланбаудан туындайтын ақаулықтар немесе оқиғалар осы кепілдікте қамтылмайды.

Кепілдікте көлөсі жағдайлар қамтылмайды:

- құралдың дұрыс пайдаланылмауы;
- бұл өнімді тасымалдау немесе орнату кезінде пайда болатын зақым;
- үшінші тараппен жүзеге асырылған бөлшектерді жөндеу және/немесе ауыстыру жұмыстары;
- сыртқы факторлар немесе құм, тастар сияқты бөгде заттардан туындаған зақым;
- қауіпсіздік техникасы мен пайдалану нұсқауларын сақтамау салдарынан болған зақым;
- құралдың бөлшектелуі немесе ашылуы;
- ылғалды ортада (шық, жаңбыр, суға батырылған, т.б.) пайдаланылған құрал;
- кәсіби мақсатта пайдаланылған құрал;
- «Сақтау» тарауында көрсетілген ауқымнан тыс температура есеріне ұшыраған құрал.

Өнім қалыпты жұмыс жағдайларында және кәсіби емес мақсаттарда пайдаланылуы тиіс. Сондықтан осы көпілдікке бау-бақшамен айналысатын компаниялар, жергілікті әкімшілік және жабдықты ақылы немесе ақысыз жалға беретін компаниялар пайдаланатын өнімдер кірмейді. Мәселе немесе ақау туындаған жағдайда, әрдайым алдымен Sterwins дилеріне хабарласу керек. Көп жағдайда

Sterwins дилері мәселені шешуге немесе ақауды түзетуге қабілетті болады. Шот-фактураны немесе түбіртеккі сақтаңыз: бұл құжаттар шағым жасаған кезде керек болады.

RU

KZ

11. СЕ СӘЙКЕСТІК ЖӨНІНДЕГІ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

**Өндіруші: ADEO Services
135 Rue Sadi Carnot
CS 00001 59790 Ronchin, Франция**

**Өнімнің келесідей екенін жариялайды
Battery Chain Saw 34 cm
40VCS2-34.1**

MD 2006/42/EC директивасының талаптарына және ұлттық ережелерге сәйкес келетіндігі туралы мәлімдейді:

ЭМУ директивасы 2014/30/EU

**ROHS директивасы (EU) 2015/863 өзгертілген директива 2011/65/EU
2000/14/EC ШУЫЛ директивасы, V қосымшасы және 2005/88/EC**

**Есептелген дыбыстық қуат деңгейі: 100 дБ (A)
Көпіді дыбыс қуатының деңгейі: 104 дБ (A)**

EN 60745-1:2009+A11:2010
EN 60745-2-13:2009+A1:2010

EN 55014-1:2017

EN 55014-2:2015

IEC 62321-1:2013

IEC 62321-2:2013

IEC 62321-3-1:2013

IEC 62321-4:2013+A1:2017

IEC 62321-5:2013

IEC 62321-6:2015

IEC 62321-7-1:2015

IEC 62321-7-2:2017 & ISO 17075-1:2017

IEC 62321-8:2017

**Сериялық №: Артқы мұқаба бетін және
аспаптың зауыттық тақтайшасын қараңыз**

**Өкілетті орган: SGS United Kingdom Limited, Unit 12A және 12B, Bowburn South Industrial
Estate, Bowburn, Durham, DH6 5AD, Ұлыбритания**

Өкілетті органның нөмірі: 0890

Сертификат нөмірі: MDC2302

Ronchin, Францияда қол қойылды

Қол қойылған күні: 27/09/2019

Eric LEMOINE

Халықаралық жобаның сапа жөніндегі басшысы


ADEO Services

135 Rue Sadi Carnot


CS 00001 59790 Ronchin, Франция

RU

KZ



A




B





C




D




UP
UNIVERSAL POWER
40









2.1




2.2




2.3



2.4




2.5







3.1





3.2






3.3




3.4







4.1





4.2




4.3












5.1




After sales





52PCS




17PCS




5.2



5.3





5.4








5.5




5.6




5.7




5.8







6.1



6.2



6.3





Made in P.R.C. 2019
**Гарантия 3 года / Кепілдік 3 жыл



Adeo Services - 135, rue Sadi Carnot - CS 0000159790 - RONCHIN-France

Организация, уполномоченная на принятие претензии по качеству товара на территории России: 141031, Россия, Московская обл., г. Мытищи, Осташковское шоссе, д. 1.

Қазақстан Республикасында өнім сапасы бойынша наразылықтарды қабылдайтын ұйым: «Леруа Мерлен Қазақстан» ЖШС. 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қонаев көшесі, 77 үй, «ParkView» БО, 6-қабат, 07-кеңсе.